

Келісілді

Ғылыми Кеңестің «20» қаңар 2023 ж.,
№ 6 шешімімен



Бекітемін

ҚАҒАМО директоры

Б. Байсеркин

2023 ж.

**«ДЕРМАТОЛОГИЯ ЖӘНЕ ВЕНЕРОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2. ЖУРНАЛДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	3
3. МАҚАЛАНЫ АЛҒАШ ҚАРАУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	4
4. ПЛАГИАТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	4
5. МАҚАЛАНЫ РЕЦЕНЗИЯЛАУ	5
6. ЖУРНАЛДЫ РЕДАКЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ЖАРИЯЛАУ ЭТИКАСЫ	6
7. РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ЖӘНЕ АЛҚА	6
8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ	7
1- ҚОСЫМША. "ДЕРМАТОЛОГИЯ ЖӘНЕ ВЕНЕРОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ" ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛЫНА ЖАРИЯЛАУ ҮШІН МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	8
2- ҚОСЫМША. МАҚАЛАҒА РЕЦЕНЗИЯ ҮЛГІСІ	16
3- ҚОСЫМША. ІЛЕСПЕ ХАТТЫҢ ҮЛГІСІ	17
4- ҚОСЫМША. АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР ҮЛГІСІ	18

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 "Дерматология және венерология мәселелері" ғылыми-практикалық журналы (бұдан әрі-Журнал) бұқаралық ақпарат құралы болып, қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде мерзімді баспа басылымы ретінде өз қызметін "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі №451-І Заңына (01.05.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) сәйкес жүзеге асырады.

1.2 Журнал 1999 жылы құрылды, алғаш рет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім Министрлігі тіркеді (БАҚ-ты есептік тіркеу туралы куәлік № 817 Ж Астана қ., 02.08.1999 ж.), 2019 жылға дейін құрылтайшысы: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Тері-венерологиялық ғылыми-зерттеу институты" ШЖҚ РМК.

1.3 Журналды Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, Ақпарат комитеті қайта есепке қойды (мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікгі және желілік басылымды қайта есепке қою туралы куәлік № KZ83VPY00016771 Нұр-сұлтан қ., 04.11.2019 ж.), журналдың құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Қазақ дерматология және инфекциялық аурулар ғылыми орталығы" ШЖҚ РМК (ҚДИАҒО) (кәсіпорын "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 14 қыркүйектегі №565 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі республикалық орталық" ШЖҚ РМК мен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Тері-венерологиялық ғылыми-зерттеу институты" ШЖҚ РМК-ны біріктіру жолымен құрылды).

1.4 Журнал халықаралық сериялық басылымдарды тіркеу орталығында тіркелген (CIEPS – ISSN International орталығы, Париж қ., Франция) және осымен ISSN 2707-3696, Linking ISSN (ISSN-L): 1680-9149 берілгенін растайды.

1.5 2023 жылдан бастап журналдың әрбір ғылыми мақаласы үшін Crossref арқылы DOI (Digital object identifier / сандық объект идентификаторы) беріледі.

2. ЖУРНАЛДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1 Журналдың негізгі мақсаты дерматовенерология, дерматокосметология және жұқпалы аурулар саласындағы мамандардың іргелі, қолданбалы және инновациялық ғылыми зерттеулерінің нәтижелерімен бөлісу және ғылыми ақпарат алмасу үшін ашық алаң құру болып табылады.

2.2 Журналдың негізгі міндеттері:

- 1) ғылыми жарияланымдардың сапасын арттыру;
- 2) жоғары халықаралық талаптарға сәйкес келетін ғылыми рецензияланатын басылымды құру және дамыту;
- 3) зерттеушілердің жариялау белсенділігін, Қазақстан Республикасының ғылыми медициналық ұйымдарының рейтингін және олардың дәйексөз деректері бойынша әлемдік ғылыми қоғамдастықтағы ғылыми жарияланымдар деңгейін арттыру;
- 4) әлемдік ғылыми кеңістікте медицина және денсаулық сақтау саласындағы негізгі жетістіктерді ілгерілету;
- 5) ғылым мен медициналық практиканың жекелеген бағыттарының қазіргі жай-күйін жарықтандыратын бірегей ашық ғылыми-зерттеу жұмыстарының, теориялық және эксперименттік зерттеулердің нәтижелерін көрсететін мақалалар жариялау;
- 6) денсаулық сақтау саласында ғылым мен клиниканы дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға жәрдемдесу;
- 7) ғылыми мақалаларды (ғылыми зерттеулер нәтижелерін) жедел жариялау мүмкіндігін қамтамасыз ету және барлық мүдделі тұлғалардың жарияланған барлық материалдарға ашық қолжетімділігін ұсыну арқылы ғылыми зерттеу жұмыстарының деңгейін арттыруға жәрдемдесу.

2.3 Тақырыптық бағыты: денсаулық сақтау, медицина ғылымы және практиканы ұйымдастыру жөніндегі материалдарды журналда жариялау. Журнал қолданбалы және эксперименттік зерттеулердің нәтижелерін, тәжірибе алмасуды, дерматовенерология, АИТВ-инфекциясы және басқа жұқпалы аурулар бойынша клиникалық жағдайларды қамтитын түпнұсқа және шолу мақалаларын жариялайды.

2.4 Кезеңділігі: тоқсан сайын.

2.5 Ғылыми мақалалар Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық кеңес қабылдаған МемСТ 7.5-98 «Журналдар, жинақтар, ақпараттық басылым. Жарияланатын материалдарды баспалық ресімдеу» бойынша Ақпарат, кітапхана және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі» мемлекетаралық стандартына (28.05.1998ж. хаттама №1:3-98), сондай-ақ Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық кеңес қабылдаған МемСТ 7.1.-2003 «Библиографиялық жазылым. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптары мен құрастыру ережелері» (2003 жылғы 2 шілдедегі хаттама №12) бойынша мақаланың жанындағы библиографиялық тізімдерге сәйкес ресімделеді.

3. МАҚАЛАНЫ АЛҒАШ ҚАРАУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

3.1 Журнал редакциясы қолданбалы және эксперименттік зерттеулердің нәтижелерін, дерматовенерология, АИТВ-инфекциясы және басқа да жұқпалы аурулар саласындағы өзекті мәселелер бойынша түпнұсқа мақалаларды қамтитын шолу ғылыми мақалаларын қарауға қабылдайды.

3.2 Редакция журналдың сайтына онлайн режимінде келесі талаптар сақталған жағдайда материалдарды қабылдайды:

- 1) жариялау этикасын, мақалаларды қабылдау және рецензиялау қағидаларын сақтау;
- 2) мақала бұрын жарияланбауы және басқа басылымдарда қарауға берілмеуі тиіс;
- 3) ұсынылған материалдардың журналдың жалпы тақырыбына және оның аядарына сәйкестігі;

- 4) *1-қосымшаға* сәйкес мақала мәтінін ресімдеу бойынша;

3.3 материалдарды алу туралы авторларды хабардар ету онлайн-форматта жүзеге асырылады;

3.4 алдын ала қарау мерзімі: күнтізбелік 10 күннен аспау;

3.5 жарияланымдарға қойылатын талаптар журналдың сайтында мына мекенжай бойынша орналастырылған <https://journal.kncdiz.kz/>.

4. ПЛАГИАТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

4.1 Журналда ықтимал жариялау үшін редакцияға түскен ғылыми мақалалар плагиат үшін тексерілуі мүмкін.

4.2 Плагиатты анықтау үшін редакция лицензиялық жүйені пайдаланады.

4.3 Антиплагиат жүйесінде тексеру үшін мақала "doc" форматында жүктеледі. Ғылыми мақалада алынған кірме мәтін (әдебиеттер тізімін қоспағанда) 15% - дан аспаған жағдайда оны жариялауға жіберіледі.

4.4 Егер плагиатқа тексеру нәтижесі дұрыс ресімделмеген кірмелерді (бірегейлігі кемінде 85%) анықтаған жағдайда, журналдың тақырыбына сәйкес келмесе немесе материал ресімдеу ережелерін бұзып ресімделсе, мақаланы қабылдаудан бас тарту себептерін көрсете отырып, мақала қабылданбауы мүмкін. Қабылданбаған мақалалар авторларға қайтарылмайды.

4.5 Журналдың бейініне және жарияланымға қойылатын талаптарға сәйкес мақала рецензентке беріледі.

5. МАҚАЛАНЫ РЕЦЕНЗИЯЛАУ

5.1 Журналдың редакциясына келіп түскен барлық мақалалар міндетті рецензиялаудан өтеді.

5.2 Сараптамалық бағалау.

5.3 Журнал редакциясындағы ғылыми мақалаларға рецензиялау кездейсоқ рецензиялауды қолдану (екі ретті кездейсоқ / double-blind review) арқылы жүзеге асырылады.

5.4 Рецензияда мынадай тармақтар: журнал бейініне сәйкестігі, зерттеу әдістерінің барабарлығы, жүргізілген бакылаулардың жеткіліктілігі, нәтижелерді статистикалық өңдеу, рецензияланатын мақаланың өзектілік деңгейі, мақалада автор ашқан ең маңызды аспектілер, мақаланы жариялауға ұсынымдар қамтылады.

5.5 Рецензент ретінде журнал редакциясы редакциялық кеңес / алқа мүшелерін, сондай-ақ жоғары білікті сыртқы сарапшылар мен практик-мамандарды тартады.

5.6 Рецензенттерге оларға берілген мақалалар авторлардың зияткерлік меншігі болып табылатындығы және жария етуге жатпайтын мәліметтерге жататындығы туралы хабарланады. Рецензенттерге мақалалардың көшірмелерін өз қажеттіліктері үшін жасауға және оны жарияламас бұрын жұмыстың мазмұны туралы білімді өз мүддесіне пайдалануға рұқсат етілмейді.

5.7 Рецензент өзіне жіберілген мақаланы белгіленген мерзімде қарап, рецензияны редакцияға онлайн форматта немесе дәлелді бас тартуды жіберуі тиіс.

5.8 Әрбір жеке жағдайда рецензиялау мерзімдері мақаланы барынша жедел жариялау үшін жағдай жасауды ескере отырып, бірақ журнал редакциясы жариялауға өтінім алған сәттен бастап 30 күннен аспайтын мерзімде айқындалады.

5.9 Рецензия 2-қосымшадағы шаблонға сәйкес ресімделеді. 2-қосымшаға сәйкес көрсетілген ескертулерді қатаң сақтау қажет.

1) рецензияның қорытынды бөлігінде мақала туралы тұтастай негізделген қорытындылар және оны ұсынылған түрде журналда жариялаудың орындылығы туралы не оны пысықтау немесе қайта өңдеу қажеттілігі туралы ұсыныс (автордың жіберген дәлсіздіктері мен қателіктерін көрсете отырып) қамтылуға тиіс.

2) рецензенттің ұсынымы кезінде автордың ескертулерін пысықтағаннан / жойғаннан кейін мақаланы жариялауға ұсынады немесе мақаланы жариялауға ұсынбайды. Рецензияда мақалада анықталған мазмұндық және / немесе техникалық кемшіліктерді, нақты беттерді көрсете отырып, тұжырымдап, шешімнің себептері көрсетілуі керек. Рецензенттің ескертулері мен тілектері мақаланың ғылыми және әдістемелік деңгейін арттыруға бағытталған объективті және қағидатты болуға тиіс. Журнал редакциясына ұсынылған материалдарды рецензиялау құпиялылықты сақтай отырып жүзеге асырылады.

3) рецензиялаудан кейін жариялаудың мақсатқа сай екендігі туралы шешімді редакция қабылдайды.

4) автор ұсынған материалдар мен рецензияға қатысты қабылданған оң шешім негізінде авторға қабылданған шешімді және мақала жарияланатын журналдың нөмірін көрсете отырып, электрондық мекенжайға хат жіберіледі. Мақала авторы жариялау туралы оң шешім қабылдаған кезде 3 - қосымшаға сәйкес ілеспе хаттың нысанын толтыруы қажет.

5) егер мақала рецензенттің ескертулері пысықталғаннан және жойылғаннан кейін жариялануы мүмкін болса, онда авторға ескертулерді пысықтау/алу жөніндегі ұсынымдары бар хат не рецензенттің ескертулері бар рецензияның көшірмесі жіберіледі. Мақала пысықтауға қайтарылады және көрсетілген мерзімде қайта рецензиялауға ұсынылуы тиіс. Рецензенттер мен журналдың редакциясы мақала авторларымен жасалған ескертулер туралы пікірталасқа түспейді.

6) мақаланы жариялаудан бас тартқан жағдайда журнал редакциясы авторға дәлелді бас тартуды және рецензияның көшірмесін жібереді.

7) журнал редакциясы баспаға қабылданбаған мақалаларды сақтамайды.

6. ЖУРНАЛДЫ РЕДАКЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ЖАРИЯЛАУ ЭТИКАСЫ

6.1 Журналдың меншік иесі және баспагері: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Қазақ дерматология және инфекциялық аурулар ғылыми орталығы" ШЖҚ РМК. Мекенжайы: Қазақстан, Алматы қ., Райымбек даңғылы, 60, e-mail: info@kncdiz.kz.

6.2 Журнал редакциясы ресімдеуге қойылатын талаптарды орындау үшін тексеру нәтижелері мен рецензиялау нәтижелері негізінде редакцияға ұсынылған мақалалардың қайсысы жариялануы тиіс екендігі туралы шешім қабылдайды.

6.3 Редакция келіп түскен материалдарды тіркеуді, рецензиялауды, авторлармен хат алмасуды қамтамасыз етеді, әрбір нөмірдің мазмұнын қалыптастырады және баспаханаға тапсыруға мақалалардың авторлық түпнұсқалары мен электрондық нұсқаларын дайындауды жүргізеді.

6.4 Редакция талаптарға сәйкес авторлардың ғылыми мақалаларды ресімдеуі бойынша бақылауды жүзеге асырады.

6.5 Мақаланы жариялау туралы шешім қабылдаған кезде редакция журнал саясатын басшылыққа алады және плагиат немесе авторлық құқықты бұзу белгілері бар мақалаларды жариялауға жол бермейді. Мақаланы жариялау немесе бас тарту туралы түпкілікті шешімді редакциялық алқа қабылдайды, даулы жағдайларда шешімді Бас редактор редакциялық алқа отырысында қабылдайды.

6.6 Редакция ұсынылған мақала туралы ақпаратты автордан, рецензенттен басқа ешкімге (кездейсоқ рецензиялау кезінде), ал қажет болған жағдайда – баспагерге жария етпеуге міндеттенеді.

6.7 Редакция басылымнан ауытқыған материалдардың автордың жазбаша келісімінсіз редакциялық алқа мүшелерінің өз зерттеулерінде пайдаланылмауын қамтамасыз етеді. Редакциялық алқа, егер ол зерттеу нәтижелерімен байланысты автормен немесе ұйыммен қандай да бір бәсекелестік қатынастан тұрса немесе өзге мүдделер қақтығысы болса, мақаланы қараудан бас тартады.

7. РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ЖӘНЕ АЛҚА

7.1 "Дерматология және венерология мәселелері" ғылыми-практикалық журналының редакциялық кеңесі мен редакциялық алқасының құрамына Қазақстан Республикасының ғылыми медициналық ұйымдарының өкілдері, тиісті білім салаларының дамуына елеулі үлес қосқан ҚР, ТМД және шет елдердің медицина және денсаулық сақтау саласындағы жетекші ғалымдары кіреді. Редакциялық кеңестің немесе журнал алқасының құрамы ҚДИАҒО бірінші басшысының бұйрығымен бекітіледі.

7.2 Редакциялық кеңестің немесе журнал алқасының жұмысына басшылықты бас редактор жүзеге асырады.

7.3 Редакциялық кеңестің немесе алқаның құрамына:

- 1) Бас редактор
- 2) бас редактордың орынбасары
- 3) жауапты хатшы
- 4) редакциялық кеңестің және редакциялық алқаның мүшелері кіреді.

7.4 Бас редактор өз өкілеттігін "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" ҚР Заңына және ҚДИАҒО Жарғысына сәйкес жүзеге асырады.

7.5 Бас редактор редакцияның жұмысына, редакциядағы шығармашылық процеске басшылық етеді (журналдың әрбір нөмірін жинақтау жөніндегі жұмыстардың барлық циклін үйлестіру, мақалаларды рецензиялау, оларды редакциялау, журналдың электрондық нұсқасын журнал сайтына және өзге де дереккөздерге тарату және орналастыру) және олар үшін толық жауапты болады; мемлекеттік басқару органдарымен қарым-қатынастарда редакцияның мүддесін білдіреді, редакцияның өндірістік қызметінің өзге де мәселелерін шешеді; "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде бұқаралық ақпарат құралдарының қызметіне қойылатын талаптардың орындалуына жауапты болады.

7.6 Бас редактор өз өкілеттіктерінің бір бөлігін бас редактордың орынбасарына, сондай-ақ журналдың жауапты хатшысына бере алады.

7.7 Жауапты хатшы редакцияның қызметін техникалық үйлестіруді жүзеге асырады: ұсынылатын материалдардың түсуін және өңделуін бақылайды; мақалаларды рецензиялауға жібереді және рецензиялау мерзімдерін бақылайды; мақалаларды басып шығаруға дейінгі дайындаудың және журнал шығарудың оңтайлы мерзімдерін айқындайды.

7.8 Авторларға арналған ережелерді редакция әзірлейді және бас редактор бекітеді. Қажет болған жағдайда бұл ережелер қайта қаралуы мүмкін.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

8.1 Журналдың қызметі тек ҚДИАҒО басшылығының шешімімен және ол таратылған жағдайда ғана үзілуі немесе тоқтатылуы мүмкін.

8.2 Журнал шығарылымы үзілген немесе тоқтатылған жағдайда соңғы нөмірде журнал қызметін үзу немесе тоқтату туралы хабарлама беріледі.

8.3 Журналдың қызметін тоқтату осы Ереженің жарамсыздығына әкеп соғады.

АВТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

«ДЕРМАТОЛОГИЯ ЖӘНЕ ВЕНЕРОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ» ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛЫНА ЖАРИЯЛАУ ҮШІН МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Осы талаптарды Қазақ дерматология және инфекциялық аурулар ғылыми орталығы (бұдан әрі – ҚДИАҒО) әзірледі.

"Дерматология және венерология мәселелері" ғылыми-практикалық журналы (бұдан әрі – Журнал) - қолданбалы және эксперименттік зерттеулердің нәтижелерін, тәжірибе алмасуды, дерматовенерология, АИТВ-инфекциясы және басқа да жұқпалы аурулар бойынша клиникалық жағдайларды қамтитын түпнұсқа және шолу мақалаларын жариялайды.

Ғылыми мақалалардың авторлары және басылымның негізгі оқырман аудиториясы барлық ғылыми қоғамдастық, соның ішінде дерматовенерологтар, инфекционистер, эпидемиологтар, Қазақстан Республикасының, ТМД елдерінің, алыс және жақын шетелдердің денсаулық сақтауды ұйымдастырушылары, сондай-ақ клиникалық зерттеушілер, аралас мамандықтағы практикадан өтуші дәрігерлер болып табылады.

Журнал 1999 жылы құрылған және Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі тіркеген. 02.08.1999 ж. БАҚ-ты есептік тіркеу туралы куәлік № 817 ж., Астана қ.

2019 жылға дейін құрылтайшысы: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Тері-венерологиялық ғылыми-зерттеу институты" ШЖҚ РМК.

Журналды Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, Ақпарат комитеті қайта есепке қойды. Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды қайта есепке қою туралы куәлік № KZ83VPY00016771 Нұр-сұлтан қ., 04.11.2019 ж.

Журналдың құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Қазақ дерматология және инфекциялық аурулар ғылыми орталығы" ШЖҚ РМК.

Кәсіпорын "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 14 қыркүйектегі №565 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі республикалық орталығы" ШЖҚ РМК мен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Тері-венерологиялық ғылыми-зерттеу институты" ШЖҚ РМК-ны біріктіру жолымен құрылды.

Журнал халықаралық сериялық басылымдарды тіркеу орталығында тіркелген (Cieps-ISSN International орталық, Париж, Франция) және осымен ISSN 2707-3696, Linking ISSN (ISSN-L): 1680-9149 берілгендігін растайды.

Негізгі тақырыптық бағыт - журналда клиникалық медицина, оның ішінде дерматовенерология, АИТВ-инфекциясы және басқа да жұқпалы аурулар, сондай-ақ медициналық білім, қоғамдық денсаулық сақтау, дерматовенерологиялық қызметті ұйымдастыру, ЖИТС қызметі, медицина ғылымы және практика мәселелері бойынша материалдарды жариялау.

Журнал мынадай бөлімдерден тұрады:

- I. Өзекті және проблемалық мәселелер
- II. Әдеби шолулар
- III. Эксперименттік және клиникалық медицина
- IV. Қоғамдық денсаулық сақтау

Басылымның кезеңділігі - тоқсан сайын.

Ұсынылатын материал түпнұсқа және бұрын басқа баспа басылымдарында жарияланбаған болуы тиіс. Ғылыми мақала қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылуы мүмкін. Осы талаптарға сәйкес келмейтін мақалаларды журнал редакциясы қарамайды.

ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАНЫ ЖАРИЯЛАУ АЛГОРИТМІ

1. Ғылыми мақаланың журнал тақырыбына сәйкестігін тексеру.
2. Ғылыми мақаланың мәтінін техникалық тексеру.
3. Журналдың редакциясына түскен мақалалар плагиатқа қарсы жүйенің көмегімен тексерілуі мүмкін. Ғылыми мақала онда алынған кірме мәтіннің 15% - дан аспайтын болса, жариялауға жіберіледі.
4. Рецензиялау. Редакцияға түскен мақалалар рецензентке автордың аты-жөні белгісіз, ал авторларға рецензенттің аты-жөні белгісіз болатын екі реттік кездейсоқ (double-blind review) рецензиялауға ұшырайды. Егер рецензенттерде сұрақтар туындаса, мақала авторларға қайта қарау үшін қайтарылады. Редакция статистикалық өндеудің сапасы туралы сұрақтар туындаған жағдайларда есептеулер жүргізілген бастапқы дерекқорды сұратуға құқылы. Редакция сонымен қатар мақаланың мағынасын бұрмаламайтын мәтінге редакторлық өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.
5. Редакция мен редакция алқасының рецензиялауынан және мақұлдауынан кейін әр мақала үшін DOI индексін (объектінің сандық идентификаторын) беру.
6. Ғылыми мақаланы жариялау.

МАТЕРИАЛДАРДЫ ДАЙЫНДАУ

Ms Word бағдарламасында дайындалған ғылыми мақаланың электрондық нұсқасын мына сілтеме бойынша мақалаларды онлайн беру жүйесі арқылы жіберу қажет <https://journal.kncdiz.kz>.

Сондай-ақ, оған міндетті түрде авторлардан ілеспе хат ресімделеді (*1-нысанды немесе 3-қосымшаны қараңыз*) және авторлардың мәліметтері толтырылады (*2-нысанды немесе 4-қосымшаны қараңыз*). Бұл нысандарға қол қойып, электрондық пошта арқылы жіберу керек: orgotdel.2@kncdiz.kz (хабарлама тақырыбында "Журналға мақала" деп міндетті түрде көрсетілуі керек).

Ілеспе хат журналдың редакциясына сіздің мақаланыз, сіздің мақаланызды қызықтыратын маңызды нәтижелерді көрсететін қорытындылар туралы жалпы түсінік алуға мүмкіндік береді.

1- нысан. - Редакцияға ілеспе хаттың үлгісі. Жеке MsWord файлында толтыру.

**«Дерматология және венерология мәселелері»
ғылыми-практикалық журналының
редакциясына**

(кімнен)

(Автор(лар)дың Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі, атағы, лауазымы және жұмыс орны, e-mail және телефоны)

Мен (біз) дайындаған "МАҚАЛАНЫҢ АТАУЫН КӨРСЕТҢІЗ" мақаласын, бет саны - __*, кесте - __*, сурет - __*, "БӨЛІМНІҢ АТАУЫН КӨРСЕТІҢІЗ" бөлімінде қарау және жариялау үшін жіберемін(-міз).

Жариялау шарттарымен келісемін. Осы мақалада ұсынылған материалдардың жарияланбағанын және басқа баспа басылымында қаралып жатпағанын куәландырамын. Автор(лар) мүдделер қақтығысы жоқ екенін растайды. Осы мақаланы басқа бұқаралық ақпарат құралдарында (электронды нұсқасын қоса алғанда) көшіруге қарсы емеспін(-піз).

Дербес деректерді өңдеуге келісім беремін (-міз).

Автор (-лар):

(Т.А.Ә.)	(қолы)	(күні, айы және жылы)
_____	_____	_____
(Т.А.Ә.)	(қолы)	(күні, айы және жылы)
_____	_____	_____
(Т.А.Ә.)	(қолы)	(күні, айы және жылы)
_____	_____	_____
(Т.А.Ә.)	(қолы)	(күні, айы және жылы)
_____	_____	_____

2- нысан. - Авторлар туралы мәліметтер үлгісі.

Авторлар туралы мәліметтер (*жеке MS Word файлында толтыру үшін міндетті бағандар).

Корреспондент-автор туралы мәліметтер*	
Тегі, аты және әкесінің аты (3 тілде толық)*	
Ғылыми дәрежесі / атағы (немесе оқу форматы)*	
Ұйымы, лауазымы (толық)*	
Телефон*	
E-mail*	
ORCID*	
SPIN (бар болған жағдайда)	
Author-ID (бар болған жағдайда)	
Бірлескен автор(лар) туралы мәліметтер	
Тегі, аты және әкесінің аты (3 тілде толық)*	
Ғылыми дәрежесі / атағы (немесе оқу форматы)*	
Ұйымы, лауазымы (толық)*	
Телефон*	
E-mail*	
ORCID*	
SPIN (бар болған жағдайда)	
Author-ID (бар болған жағдайда)	

Ескертпе: мәліметтер мақаланың барлық авторлары үшін 2-нысанға сәйкес толтырылады.

* **Корреспондент автор** - журналдың редакциясымен байланыс пен кері байланысқа жауап беретін авторлардың бірі. Редакциямен хат алмасуға жауапты автордың толық деректерін, оның ішінде телефонын және электрондық пошта мекенжайын және т.б. алдымен корреспондент-автордың деректерін авторлар туралы толық және соңында қосымша мәліметтерді көрсету: (автор(-лар)дың тегі мен аты-жөнінің басқы әріптері 3 тілде толық, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, ұйымы, лауазымы, телефоны, e-mail, ORCID және бар болған жағдайда қалған авторлық кодтар).

Барлық авторлар үшін ORCID тіркеу нөмірін міндетті түде көрсету. Бұл оқырмандар авторлардың басқа мақалаларын анықтап, олардың дәйексөздерін жақсарту үшін қажет. **ORCID тіркеу нөмірін** (олар болмаған жағдайда) мына сілтеме бойынша өту арқылы жасау қажет <https://orcid.org/register>.

Егер бар болса, **PIN код** көрсету керек - алу үшін мына сілтемеден өтуге болады http://elibrary.ru/projects/science_index/author_tutorial.asp.

МАҚАЛА ҚҰРЫЛЫМЫН РЕСІМДЕУ ТӘРТІБІ

1. Жоғарғы сол жақ бұрышта мемлекетаралық ғылыми-техникалық ақпарат рубрикаторын (бұдан әрі – MFTAP) жазу. MFTAP – ғылыми- техникалық ақпаратты (бұдан әрі - FTA) бірыңғай тақырыптық жүйелеуге арналған. FTA мемлекетаралық рубрикаторы FTA органдарында құрылған және пайдаланылатын рубрикаторлар жүйесінің негізі болып табылады. FTA мемлекетаралық рубрикаторы әмбебап тақырыптық камтумен иерархиялық жіктеу жүйесі болып табылады. MFTAP туралы анықтамалықты мына жерден қарауға болады: <https://grnti.ru/>.

1. Ғылыми мақала құрылымы:

- 1) MFTAP – мемлекетаралық ғылыми-техникалық ақпарат рубрикаторы;
- 2) ЭОЖ – Әмбебап ондық жіктелім;
- 3) DOI - Digital object identifier (*жариялау туралы оң шешім қабылданған кезде тағайындалады*);
- 4) Авторлардың (бірлескен авторлардың) ТАӘ
- 5) Жұмыс орны, қаласы, елі
- 6) Корреспондент автордың E-mail
- 7) Мақаланың аты
- 8) Аннотация
- 9) Түйінді сөздер
- 10) Кіріспе
- 11) Зерттеу материалы мен әдістерін, нәтижелері мен талқылауын, қорытындысын қамтитын негізгі мәтін
- 12) Пайдаланылған дереккөздердің тізімі / әдебиеттер тізімінің транслитерациясы.

Ғылыми мақалада авторлардың әрқайсысының тегі мен аты-жөнінің басқы әріптері, сондай-ақ **астериск (*)** белгісімен корреспондент-авторды бөліп көрсету.

Мақаланы құрылымдау мына тәсілдермен жүзеге асырылады:

Сізге IMRAD үлгісі бойынша ғылыми мақаланың жалпы қабылданған құрылымын пайдалануды ұсынамыз. Ғылыми мақаланың жалпы қабылданған құрылымын көрсететін сөздердің аббревиатурасы - Кіріспе (Introduction), әдістер (Methods), Нәтижелер (Results) және талқылау (Discussion), егер теориялық зерттеуге арналған мақала болса, онда Methods бөлімі Theoretical Basis-ке (теориялық негіздер) ауыстырылады. Кейде IMRAD аббревиатурасына Annotation (аннотация) білдіретін А әрпі қосылады да, AIMRAD алынады. Ғылыми мақалаларды ресімдеудің бұл стандарты 1970 жылдары әзірленді және іс жүзінде эмпирикалық және түпнұсқалық зерттеулерге негізделген мақалалар үшін міндетті болды.

Клиникалық жағдайды жазу үшін ғылыми мақаланың мынадай жалпы қабылданған құрылымын пайдалану ұсынылады: Кіріспе (Introduction), Пациент туралы ақпарат (Patient information), Клиникалық көріністер (Clinical manifestations), Хронология (Chronology),

Диагностиканы бағалау (Assessment of diagnosis), Терапияны бағалау (Evaluation of therapy), Қайта зерттеу және нәтижелер (Re -examination and outcomes), Талқылау (Discussion), Қорытынд (Conclusions), Ақпараттандырылған келісім (Informed consent).

Шолу мақаласын жазу үшін жалпы қабылданған келесі құрылымды пайдалану ұсынылады: Кіріспе (Introduction), Негізгі бөлім (The main part), қорытынды (Conclusions).

1- кесте. - Мақала құрылымында қолданылатын терминдер мен анықтамалар

№	Мақала бөлімінің атауы	Журнал талаптарына сәйкес құрылымға түсініктеме
1.	Мақаланың атауы	Times ' New Roman шрифті, қою, кегль-12, формат - БАС ӘРІППЕН, ҚОЮ. Жұмыстың атауы мүмкіндігінше қысқа, бірақ ақпаратты және оның мазмұнын дәл көрсетуі керек. Мақала атауында қысқартуларды (аббревиатураны) қолдану ұсынылмайды.
2.	Авторлардың аты-жөнінің басқы әріптері, тегі	Авторлардың әрқайсысының аты-жөнінің басқы әріптері мен тегі Times New Roman шрифтімен, кегль – 12 болу керек. Мақалада авторлардың әрқайсысының аты-жөнінің басқы әріптері мен тегін көрсету, сондай-ақ астериск (*) белгісімен корреспондент-авторды бөліп көрсету керек. Үлгі: Е.И. Иванов (қазақ және орыс т.) / E.I. Ivanov (ағылшын т.)
3.	Аннотация	Аннотация ғылыми жарияланымның қысқаша, бірақ сонымен бірге ең ақпараттық мазмұны болуы керек. Аннотация көлемі 300 сөзден аспауы қажет. Онда зерттеудің негізгі нәтижелері қысқаша баяндалады, бұл авторларды аннотацияның бүкіл жұмыстың мазмұнына дәл сәйкестігін қамтамасыз етуге міндеттейді. Аннотация үш тілде беріледі. Алдымен аннотация мақаланың негізгі мәтіні жазылған түпнұсқа тілде, содан кейін қалған екі тілде ұсынылады. Мысалы, егер мақала қазақ тілінде жазылса, онда алдымен қазақ тілінде, содан кейін орыс және ағылшын тілдерінде аннотация ұсынылады. Үлгі: - Аннотация - Аннотация - Annotation
4.	Түйінді сөздер (5 сөзден 7 сөзге дейін).	Түйінді сөздер - зерттеу барысында зерттелген мәселелерді көрсететін мәтіннен алынған белгілі бір сөздер. Мақаланың мазмұны мен бағытын көрсететін 7 түйінді сөзге немесе сөз тіркесіне дейін болады. Түйінді сөздер үш тілде беріледі. Мысалы, егер мақала қазақ тілінде жазылса, онда алдымен қазақ тілінде, содан кейін орыс және ағылшын тілдерінде түйінді сөздер ұсынылады.

		Үлгі: - Түйінді сөздер - Ключевые слова - Key words
5.	Мақала мәтіні	Мақала мәтіні Times New Roman шрифтімен, кегль-12, жоларалық интервалмен-1,0. Кітап бағдары (портрет) жиектері: жоғарғы және төменгі жиегі - 20 мм, ішкі жиегі- 30 мм, сыртқы жиегі-10 мм. туралау - ені бойынша, азат жол - 0,7 см. Мақаланың құрылымдық элементтерінің тақырыптары (аннотация, зерттеу материалдары мен әдістері, нәтижелері мен талқылау, қаржыландыру, алғыс көздері, пайдаланылған дереккөздер тізімі) жеке азат жолмен жазылады, жартылай қалың қаріппен белгіленеді. Эксперименттік материалды жазу кезінде халықаралық бірліктер жүйесі (АЖ) қолданылуы керек. Мақала мәтінінде кестелер MS Word редакторында орындалады, өйткені кескін файлы қабылданбайды. Кестенің атауы Times New Roman шрифтімен 12 пункт кегльмен жазылады, бір жоларалық интервал арқылы шегініссіз сол жақ жиегімен тураланады. Кестелердің ішінде 11 пункт кегль (қажет болған жағдайда 10 пункт, бірақ кем емес) қолданылады. Баған тақырыптары ортаға тураланады. Кестелерде қолданылатын аббревиатуралар немесе таңбалар кестенің төменгі жағындағы жазбаларда түсіндірілуі тиіс. Ескертпе сол жақ жиегі бойынша азат жол шегінісімен тураланады. Суреттер мәтінді түсіну үшін қажетті материалмен шектелуі, қажет болған жағдайда сипаттамалық түсіндірме сөзбен бірге болуы тиіс. Графикалар Microsoft Excel бағдарламасындағы бастапқы файлдармен берілуі керек. Араб цифрларымен нөмірленеді. Атаулар мен түсіндірмелер олардың астына тура беріледі, ортасына қарай тураланады. Суреттер мен графикалардың атаулары мен түсіндірмелері үшін Times New Roman шрифті 12 пункт кегльмен қолданылады.
6.	Пайдаланылған дереккөздердің тізімі / List of sources used	Пайдаланылған дереккөздердің тізімі МемСТ 7.1–2003 сәйкес келтірілген жұмыстардың қысқаша библиографиялық сипаттамасы болып табылады. Сілтемелер мәтіндегі дәйексөздер барысында нөмірленеді. Мәтіндегі библиографиялық сілтемелер сілтеме жасалған кезде төртбұрышты жақшада беріледі. Шетелдік авторлардың тегі түпнұсқа транскрипцияда беріледі. Автордың тегі мен аты-жөнінің басқы әріптері, мақаланың толық атауы, басылымның орны, журналдың атауы (жылы, томы, нөмірі, беті) көрсетіле отырып

		ресімделеді.
7.	Мақала көлемі	Әдебиеттер тізімін есепке алмай, көлемі кемінде 4-5 беттен тұратын мақалалар қааруға қабылданады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІН ДАЙЫНДАУ

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі екі нұсқада беріледі:

- 1) МемСТ 7.1-2003 сәйкес шетелдік дереккөздермен бірге орыс тілді.
- 2) Scopus БД талаптарына сәйкес мақала дереккөздерін ағылшын тіліне аударып, латын әліпбиінің әріптерімен транслитерациялауда <http://www.translit.ru> сайтында орыс мәтінін латын қарпіне транслитерациялау бағдарламасын тегін пайдалануға болады (BGN немесе BSI нұсқасы).

Автоматты транслитерация жүйесі мен аудармашыны қолдана отырып сілтемелерді дайындау технологиясы.

Мына <http://www.translit.ru> сайтынан орыс мәтінін латын қарпіне транслитерациялау бағдарламасын пайдалануға болады.

1. Translit.rulline бағдарламасына кіреміз. "Нұсқалар" терезесінен BGN (Board of Geographic Names) транслитерация жүйесін таңдаймыз. Арнайы жиекке мақала библиографиясының бүкіл мәтінін орыс тілінде енгізіп, "транслитке" батырмасын басамыз.
2. Транслитерацияланған мәтінді дайын "List of sources used" тізіміне көшіру.
4. Қабылданған ережелерге сәйкес ресімдеп, транслиттегі және аудармадағы сипаттамаларды біріктіреміз. Бұл ретте басылым орнын ашып көрсету керек (мысалы, Moscow ...), кішігірім техникалық түзетулер енгізілуі мүмкін.
5. Сілтеменің соңында дөңгелек жақшада (in Russian) көрсетіледі. Сілтеме дайын.

***Автор библиографиялық деректердің дұрыстығына жауап береді.**

МАҚАЛАҒА РЕЦЕНЗИЯ

Тақырып: « _____ ».

№	Тармақтардың атауы	Белгі (+/-) рецензенттің бағалауы	Рецензенттің сараптамалық бағасы	Негіздемені міндетті түрде жазу *
1.	Мақала журнал бейініне сәйкес келеді		иә жоқ	
2.	Зерттеу әдістерінің адекваттылығы		толық ішінара адекватты емес	
3.	Жүргізілген бақылаулардың жеткіліктілігі		толық ішінара канағаттанарлықсыз	
4.	Нәтижелерді статистикалық өңдеу		адекватты нуждается в доработке адекватты емес	
5.	Материал мен мақала көлемінің сәйкестігі		стандартқа сәйкес келеді қысқартуды немесе толықтыруды қажет етеді	
6.	Мақаланы ресімдеу		стандартқа сәйкес келеді түзетуді қажет етеді	
7.	Әдебиет тізімі стилінің сапасы		жақсы редакциялауды қажет етеді нашар	
8.	Аннотация және түйінді сөздер 3 тілде		адекватты редакциялауды қажет етеді	
9.	Иллюстрациялық материал		адекватты (жеткілікті) адекватты емес (жеткіліксіз-қажетін бөліп көрсету)	
10.	Әдебиеттер тізімі		адекватты (жеткілікті) адекватты емес (жеткіліксіз немесе артық, ескірген, көптеген қол жетімділігі аз дереккөздер, көптеген өзіндік дәйексөздер және т. б. - қажетін бөліп көрсету)	
11.	Рецензенттің ұсынымы: мақала болуы мүмкін		ұсынылған түрде басып шығаруға қабылданды авторлар кейбір / кішігірім дәлсіздіктерді жойып, толықтырулар енгізгеннен кейін қабылданды редакциялық алқа мен рецензент жаңа нұсқаны (рецензия ұсынымдарына сәйкес қайта қаралған) қарағаннан кейін қабылданды қабылданбады	

* Авторларға арналған ескертулер мен ұсынымдар (егер қажет болса, келесі бетте жалғастыру):

Рецензент

(колы)

(қолтаңбаның толық жазылуы)

ІЛЕСПЕ ХАТТЫҢ ҮЛГІСІ

«Дерматология және венерология мәселелері»
ғылыми-практикалық журналының
редакциясына

(кімнен)

(Автордың Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі, атағы, лауазымы және жұмыс орны, e-mail және телефоны)

Мен (біз) дайындаған "МАҚАЛАНЫҢ АТАУЫН КӨРСЕТҢІЗ" мақаласын, бет саны - __*, кесте - __*, сурет - __*, "БӨЛІМНІҢ АТАУЫН КӨРСЕТІҢІЗ" бөлімінде қарау және жариялау үшін жіберемін(-міз).

Жариялау шарттарымен келісемін. Осы мақалада ұсынылған материалдардың жарияланбағанын және басқа баспа басылымында қаралып жатпағанын куәландырамын. Автор(лар) мүдделер қақтығысы жоқ екенін растайды. Осы мақаланы басқа бұқаралық ақпарат құралдарында (электронды нұсқасын қоса алғанда) көшіруге қарсы емеспін(-піз).

Дербес деректерді өңдеуге келісім беремін (-міз).

Автор (-лар):

(Т.А.Ә.)

(қолы)

(күні, айы және жылы)

(Т.А.Ә.)

(қолы)

(күні, айы және жылы)

(Т.А.Ә.)

(қолы)

(күні, айы және жылы)

(Т.А.Ә.)

(қолы)

(күні, айы және жылы)


АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР ҮЛГІСІ

Авторлар туралы мәліметтер (*жеке MS Word файлында толтыру үшін міндетті бағандар).

Корреспондент-автор туралы мәліметтер*	
Тегі, аты және әкесінің аты (3 тілде толық)*	.
Ғылыми дәрежесі / атағы (немесе оқу форматы)*	
Ұйымы, лауазымы (толық)*	
Телефон*	
E-mail*	
ORCHID*	
SPIN (бар болған жағдайда)	
Author-ID (бар болған жағдайда)	
Бірлескен автор(лар) туралы мәліметтер	
Тегі, аты және әкесінің аты (3 тілде толық)*	
Ғылыми дәрежесі / атағы (немесе оқу форматы)*	
Ұйымы, лауазымы (толық)*	.
Телефон*	
E-mail*	
ORCHID*	
SPIN (бар болған жағдайда)	
Author-ID (бар болған жағдайда)	

* Ескертпе: мәліметтер мақаланың барлық авторлары үшін 2-нысанға сәйкес толтырылады.

Өзірледі:
Маман


Ж. Аталыкова
« 20 » қыркыс 2023 ж.

Келісілді:
Директордың ұйымдастыру-әдістемелік және эпидемияға қарсы жұмыс жөніндегі орынбасары 
Б. Турдалиева
« 20 » қыркыс 2023 ж.